

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 949 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 8 қараша N 1180. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.14. N 806 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.14. N 806 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 949 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 32, 299-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы ережеде:

7-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Авторлар ұжымы құрамына кіретіндерді қоспағанда, авторлар қайтыс болғаннан кейін Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылмайды."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі